

УДК 336.1

## **БІЛІМ БЕРУДІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ – ЭКОНОМИКАНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ АЛҒЫШАРТЫ РЕТІНДЕ**

**Сырлыбаева Нұрайым Ерланқызы**

[nuraym.syrlybayeva@gmail.com](mailto:nuraym.syrlybayeva@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультеті «Инновациялық менеджмент»  
мамандығының 1 курс магистранты, Нұр-сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – А.Тулаганов

Бүгінде адам қоғамдастығының даму тенденциялары зияткерлік әлеуетті құру құралы, азаматтардың әл-ауқатын жақсарту және экономикалық субъектілер мен мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігін жүйелі әрі тұрақты қамтамасыз ететін ресурс ретінде білімнің маңыздылығы күннен-күнге елеулі артуда. Білім беру жүйесі елдің инновациялық даму индикаторы әрі катализаторы ретінде әлеуметтік-экономикалық саясаттың басым бағыты болып табылады. Өз кезегінде, білім беру саласындағы мемлекеттік саясат еңбекті және адам қызметінің өзге де аспектілерін зияткерлендіруші жаңа ерекшеліктерге ие бола отырып, ұлттық инновациялық жүйенің маңызды құрамдас бөлігіне айналып отыр[1].

Кез келген қоғам мен тұтас мемлекеттің үздіксіз дамуының негізі оның әлеуметтік-экономикалық дамуымен тығыз байланысты болғандықтан, әсіресе, экономикалық дағдарыс пен саяси теңгерімсіздік жағдайында адам капиталын инвестициялау қуатты білім экономикасын құру үшін өте өзекті негіз болып саналады. Сол себепті, білім беруге бөлінетін қаржыны егжей-тегжейлі талдау негізінде осы бағыттың себептерін зерттеу қажеттілігін туындатып отыр. Бұл жағдайдың негізгі көрінісі ретінде Қазақстандағы білім беру саласының қазіргі ахуалы мемлекет тарапынан қаржыландырудың шектеулі сипаты назар аудартады (1-диаграмма).




Диаграмма 1. Қазақстан Республикасы республикалық бюджеттің салалар бойынша шығыстары

Диаграммадан байқағандай, Үкімет әлеуметтік шығындарды төмендетуді жоспарлап отырған жоқ:

- Денсаулық сақтау – 1063,6-дан 1070.7 млрд-қа дейін;
- Білім беру – 375,3-тен 470,7 млрд-қа дейін;
- Әлеуметтік көмек санаты – 2,6-дан 3,1 трлн.теңгеге дейін.

«Білім беру» санаты бойынша Білім және ғылым министрлігі өз шығындарын тұтас 100 млрд теңгеге дейін ұлғайтып отыр. Бұл негізінен мектептегі білім беруді, яғни орта білімді қамтамасыз ету есебінен ұлғайып отыр, ол дегеніміз – 85 млрд. Алайда, бөлінген қаражат алып жүйенің қажеттіліктеріне толық жауап бере алмайтынын ескерген жөн [2].

Еуразиялық экономикалық одақ елдеріндегі ЖІӨ-ге қатысты білім беруге арналған шығыстар серпінін қарастыратын болсақ, білім беруге бөлінген қаражаттар деңгейі бойынша құрамдағы елдердегі көрсеткіштер жылдар бойынша біркелкі деңгейді ұстап тұрғанын атап өту қажет (кесте-1).

Кесте-1. Білім беруге жұмсалатын шығыстар деңгейі бойынша ЕО елдері рейтингі, деректер 2017-2018 жылдар бойынша жинақталған (2019 жылы жарияланған)

Мемлекет	Білім беруге жұмсалатын шығындар ЖІӨ бойынша (%)	Әлем елдері бойынша позициясы
Қырғызстан	6,1	25
Беларусь	4,8	83
Ресей	4,1	78
Армения	3,6	121
Қазақстан	3,5	125

Жоғарыда көрсетілгендей, білім беру жүйесіне жұмсалатын мемлекеттік шығындардың дүние жүзі мемлекеттер рейтингі бойынша еліміз 189 мемлекеттен 125 орынға жайғасып, жалпы ішкі өнімдегі шығыстар үлес салмағы 3,5% мөлшерді көрсетіп отыр. Бұл жағдайдан білім беру жүйесін жоспарлау мен басқарудағы дәстүрлі көзқарастық ұстанымдардың әлі де басым көрініс тауып отырғанын бағамдау қиын емес.

Аталмыш салаға салынатын қаражаттар көлемі бойынша көрсеткіштермен қатар, білім берудің деңгейі таразыға салынатын индекстік көрсеткіштер қатар анықталады. Білім беру деңгейінің индекстік көрсеткіштері өте әмбебап болып келеді, алайда оқытудың орташа ұзақтығы, білімге жаппай қолжетімділік туралы деректемелерге қатысты шектеулерге ие (кесте-2).

Кесте-2. Білім беру деңгейі бойынша ЕО елдері рейтингі, деректер 2018 жыл бойынша жинақталған (2019 жылы жарияланған)

Мемлекет	Индекс	Әлем елдері бойынша позициясы
Беларусь	0,837	30
Ресей Федерациясы	0,832	33
Қазақстан	0,817	38
Армения	0,759	56
Қырғызстан	0,734	68

Осылайша, республикалық бюджеттен бөлінетін білім беруге арналған шығыстардың соңғы жылдардағы шамасы салыстырмалы түрде тұрақты, алайда елдегі әлеуметтік-демографиялық жағдайлардың динамикасы мен экономикалық үдерістердің сипатын есепке ала отырып, қажетті жоғары деңгейді қажет ететінін көруге болады [3].

Отандық білім беру жүйесінің бүгінгі жай-күйі үкімет тарапынан тиісті көңіл бөлуді талап етеді. Бірақ, соңғы жылдары жүргізіліп жатқан қарқынды даму шаралары мен реформалар игілігінің де жемісті жүзеге асырылып жатқанын атап өткен жөн. ҚР білім және ғылымның 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жоспарлы 12 индикатордың -11 (91%), 71 көрсеткіш бойынша – 65 (91,5%), 262 іс-шараның – 259 (98,8%) қол жеткізіп, жүйелі әрі үздіксіз жұмыстың нәтижелі көрінісін беріп отыр. Сонымен қатар, аталмыш бағдарламаның жүзеге асырылуына бөлінген қаражат сомасы 99,4% -ға игеріліп, даму бағдарламасының келесі кезеңіне көшу сәтті жүйесін тапты (кесте-3).

Кесте-3. Білім мен ғылымның 2020-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасына өзекті мінездеме

Сипаттамасы	Мазмұны
Мақсаты	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтарды басшылыққа ала отырып тұлғаны тәрбиелеу және оқыту.</li> <li>2. Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына білім және ғылым арқылы үлес қосу</li> </ol>
Міндеттері	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Педагог мәртебесін жоғарылату, педагогикалық білім беруді жаңғырту.</li> <li>2. Білім берудегі «қала-ауыл» алшақтығын жою немесе біркелкі білім беру деңгейін қамтамасыз ету.</li> <li>3. Қауіпсіз ортаны ұйымдастыру.</li> <li>4. Білім беру сапасын бағалаудың жаңартылған жүйесін енгізу.</li> <li>5. Білім алушының зияткерлік, рухани, адамгершілік және физикалық дамуын қамсыздандыру.</li> <li>6. Сандық трансформациялық толық қамсыздандыру</li> <li>7. Білім беруді басқару және қаржыландыру жүйесінің вертикалын енгізу.</li> <li>8. Ғылымның зияткерлігін нығайту.</li> <li>9. Ғылымның инфрақұрылымдық модернизациясы.</li> <li>10. Ғылыми әзірлемелердің өнімділігін арттыру.</li> </ol>

Қаржыландыру	Бағдарлама жүзеге асатын жылдар (2020-2025) аралығында республикалық бюджет, жергілікті бюджетті, Дүниежүзілік банк және жеке инвестицияларды қоса біріктіргенде 11 578 млрд. теңге көлемінде келесі мерзімдер бойынша:	
	2020 жылға	1162 млрд теңге
	2021 жылға	1 335 млрд теңге
	2022 жылға	1 709 млрд теңге
	2023 жылға	2 310 млрд теңге
	2024 жылға	2 384 млрд теңге
	2025 жылға	2 678 млрд теңге
Күтілетін нәтижелер	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Білім мен ғылымға бөлінетін шығындар ЖІӨ-нің 7% ;</li> <li>2. Жоғары оқу орындары түлектерінің сол мезетте жұмыспен қамтылуы көрсеткіші – 75 %;</li> <li>3. Ғылымға жұмсалатын шығындар ЖІӨ 1%;</li> <li>4. Ғылыми-зерттеу ұйымдарының сапасы – 63 орынға табан тіреу.</li> </ol>	

Назар аударатын жайт, ағымдағы жүргізіліп жатқан даму бағдарламасында педагогтың мәртебесін жоғарылату мен кәсіби мүмкіндіктерін толық пайдалануға жағдай жасау, айлық жалақысы мен біліктілігін бағалаудың жаңа стандарттарын белгілей келе, ғылымға бағыттылыққа көңіл бөледі[4]. Бұл отандық білім мен ғылымды дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасында игерілмеген және ескерілмеген бағдарлар болып табылатын. Нәтижесінде, кезең-кезеңмен қабылданатын бағдарлама әлеуметтік-экономикалық саясатпен тығыз үйлесімділікте, нәтижелі шара жиынтығын құрай келе қуатты білім экономикасын құруға алып келеді деуге әбден болады.

Қазіргі әлемдік үдерістер мен тосыннан келген экономикалық жағдай көрінісінде қазақстандық білім экономикасын жаңғырту, оның бәсекеге қабілеттілігін тұрақты әрі қуатты ету білікті кадрлармен жүргізілетіндігін, ал олар өз кезегінде білікті педагогпен ұйымдастырылған терең әрі жүйелі білімнен бастау алатынын ескере келе, білім беруге жұмсалатын қаржыландырудың, оның ішінде елімізде тегін, міндетті болып саналатын орта білім берудің маңыздылығын алға тарту міндеті тұр. Солай болғанда ғана, білім мен ғылым қарыштап даму жағдайында қуатты экономика кепілі – қазақстандық бірегей ғылымда елеулі өзгерістер мен инновациялық ашылулар орын алып, әлемдік аренада отандық жетістіктер өзекті ғылыми өрнегін табады.

Қорытындылай келе, білім беруді қаржыландыру көлемін ұлғайту және білім беру деңгейін әлемнің озық стандарттарына жеткізу – қазақстандық экономикаға қайтарымды жеміс әкеле отырып, әлемдік кеңістікпен ықпалдаса-ынтымақтаса жаңғыру бастау болатынын ескерген жөн. Экономиканың инновациялық даму алғышарты ретінде әргелі және қолданбалы ғылыми білімді тарату, адам қызметінің барлық саласы үшін мықты әлеуетті кадрлық ресурстарды қалыптастыру және жетілдіру өзекті болып табылады. Инновациялық экономиканың қалыптасуы жағдайында адами капитал – ең құнды әрі маңызды экономикалық, зияткерлік ресурс бола отыра, бәсекелестік артықшылықтың қайнар негізі ретінде қарастырылады.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Биарсланова А.Р., Каратаев А.С. Международные аспекты государственного финансирования высшего образования. 2017;(2):27-31.
2. Қазақстан Республикасы 2018-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бюджет [Электрондық ресурс] <https://informburo.kz/stati/byudzhet-2018-2020-na-chto-budet-tratit-gosudarstvo-i-skolko-dene>

3. «Гуманитарлық технологиялар орталығы» ақпараттық-талдамалық сайт [Электрондық ресурс] (URL: <http://gtmarket.ru>) <http://hdr.undp.org/>

4. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы [Электрондық ресурс] <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>